

● **Еске алу**

Жақсының аты өшпейді...

Отандық ауыл шаруашылығы ғылымына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері **Ерсейіт БЕГАЙЫЛОВ** 82 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Ерсейіт Бексейітұлы 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар ауылында дүниеге келген. Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының ветеринария факультетін бітірген.

Еңбек жолын осы институттың «Физиология» кафедрасында оқытушы боп бастап, ассистент, доцент, профессор деңгейіне көтерілді. 1967-1970 жылдары «Физиология» кафедрасының аспиранты, 1974 жылы академик Н.У.Базанованың жетекшілігімен «Ферментативная активность слизистой и содержимого пищеварительного тракта у



кур и уток» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1980 жылы биология ғылымының доценті атағын алды. 2005 жылы профессор атағы берілді.

2001-2011 жылдары Қазақстанда Жоғары және жоғары білімінен кейінгі мамандықтарының мемлекеттік стандартын дайындау бөлімін басқарды.

Білімнің мемлекеттік стандартын дайындау бойынша «Әдістемелік

құралдың» алғашқы авторы болды. 1983-1996 жылдары Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының «Ветеринария» факультетінің деканы, кейін оқу-әдістемелік жұмысының проректоры болды. 2009 жылы құрметті демалысқа шықты.

Ерсейіт Бексейітұлының ғылымдағы еңбектері мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «ҚР біліміне еңбек сіңірген қызметкер», «Еңбек оза-ты» және «Ы.Алтынсарин» төсбелгілерімен марапатталды.

Көрнекті ғалым, абзал азамат Ерсейіт Бексейітұлының жарқын бейнесі жүрегімізде ұзақ сақталады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Аграрлық» факультет ұжымы ұлағатты ұстаз Ерсейіт БЕГАЙЫЛОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.